

Г.А. Бодаубаева¹, А.Ж. Жолдасова*²

¹Экономика институты,
Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

*E-mail: aizoka.93@mail.ru

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЙЕЛІ ҚОЛДАУ

Жастар кәсіпкерлігі жаңа жұмыс орындарын құру және білікті кадрларды дайындау, жұмыссыздық деңгейін азайту сияқты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Жастар кәсіпкерлігінің мүмкіндіктерін кеңейту және ықпалын арттыру, оның әлеуетін пайдалануды талап етеді. Жастар кәсіпкерлігі шағын кәсіпкерліктің айтарлықтай ерекше сегменті болып табылады. Қазіргі уақытта жастар кәсіпкерлік ортада ең маңызды буын болып табылады. Өйткені, бүгінгі жастар, жастар кәсіпкерлігі болашақтағы 10 жылда елімізді айқындайтын болады. Бүгінгі жастар кәсіпкерлігін дамыту, ертеңгі еліміздің экономикалық өсу және даму қарқынына байланысты болады. Осылайша, бүгінгі күні, жастар кәсіпкерлігі Қазақстандағы шағын кәсіпкерлікті дамытудағы басымдықтарының бірі болып табылады. Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға жастарды ынталандыру үшін қолайлы жағдай жасау, ұлттық және аймақтық деңгейдегі түрлі бағдарламалардан көрініс табады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мақалада еліміздегі жастар кәсіпкерлігінің жағдайы талданған. Қазақстанда қазіргі кезде жастар кәсіпкерлігін дамыту мәселелері туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: жастар кәсіпкерлігі, шағын және орта кәсіпкерлік, бизнес инкубатор.

G.A. Bodaubaeva, A.Zh. Zholdassova

System support and main problems of youth entrepreneurship

Youth Business plays a major role in solving social and economic problems, such as creating new jobs and reducing unemployment, training of qualified personnel. Empowering and enhancing the impact of youth entrepreneurship necessitates the use of its potential. Youth Business is a significant segment of the small business. Young people are the most important link in the business environment. After all, today's youth, youth entrepreneurship will shape our country in 10 years, the development of today's youth business will depend on the pace of economic growth and development of our country tomorrow. Thus, to date, youth entrepreneurship is one of the priorities of small business development in Kazakhstan. Creating an enabling environment to encourage young people to engage in entrepreneurial activity is seen in various programs of national and regional level. Considering the above, the article provides predprinematelstva problems of youth. Special attention is paid to supporting youth entrepreneurship.

Key words: youth entrepreneurship, small and medium businesses, a business incubator.

Г.А. Бодаубаева, А.Ж. Жолдасова

Системная поддержка и основные проблемы молодежного предпринимательства

Молодежный бизнес играет главную роль в решении социально-экономических проблем, таких как создание новых рабочих мест и сокращение уровня безработицы, подготовка квалифицированных кадров. Расширение возможностей и усиление влияния молодежного предпринимательства обуславливают необходимость использования его потенциала. Молодежный бизнес является существенным сегментом малого предпринимательства. Молодежь является наиболее значимым звеном в предпринимательской среде. Ведь именно сегодняшняя молодежь, молодежь-

ное предпринимательство будут определять облик нашей страны уже через 10 лет, от развития сегодняшнего молодежного бизнеса будут зависеть темпы экономического роста и развития нашей страны завтра. Таким образом, на сегодняшний день молодежное предпринимательство является одним из приоритетных направлений развития малого бизнеса в Казахстане. Создание благоприятных условий, стимулирующих молодежь заниматься предпринимательской деятельностью, рассматривается в различных программах общегосударственного и регионального уровня. Учитывая вышеуказанное, в статье исследуются проблемы молодежного предпринимательства. Уделяется особое внимание вопросам поддержки молодежного предпринимательства.

Ключевые слова: молодежное предпринимательство, малый и средний бизнес, бизнес-инкубатор.

Кіріспе

Қазіргі қоғамымыздағы ең ірі әлеуметтік тобы болып саналатын ел жастарына жан-жақты көмек көрсетілуі – Елбасы ұстанымдарының бірі. Еліміз тәуелсіздік алғалы жастардың мәселесі назардан тыс қалмай, оларға қосымша жаңа міндеттер артылып келеді. Елбасы өзінің жыл сайынғы Жолдауларында кәсіпкерлікке ерекше назар аударып келеді. Бұл шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына барынша қолдау жасау керектігін және осы бағытта атқарылатын жұмыстардың өзектілігін көрсетеді. Демек, жалпы кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша тиісті шаралар қабылданатыны және тың бастамаларды ынталандырудың жаңа жүйесі жасалып, отандық кәсіпкерлерді, оның ішінде жас кәсіпкерлерді қолдаудың тетіктері жетілдірілетіні анық. Нәтижесінде, шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы болып қалады [1]. Шағын және орта бизнесті дамыту ол – кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, нарықта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта

тап қалыптасады. Нәтижесінде шағын және орта бизнес жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Эксперименттік бөлім. Қоғамның ең ірі әлеуметтік тобы болып саналатын жастар жөнінде көптеген пікірлер бар. Солардың бірі неміс ғалымы Карл Мангеймнің айтуынша, өзгермелі немесе жаңа жағдайларға бейімделу қажет болған кезде жастар бірінші кезектегі резерв түрі болып табылады деп мәлімдеді. Ғалымдардың пікірінше, «жастар әлеуметтік өмірді жандандырушы делдал рөлін сомдаушы». Сондықтан, қоғамда жастарды қолдап, жастар кәсіпкерлігін дамыту маңызды болып табылады.

Зерттеу үрдісінде жалпы ғылыми әдіс және статистикалық талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелері мен талқылау. Қазақстанның көптеген өңірлерінде жастардың өзекті білім мен дағдыларды меңгеруіне, ақпарат алмасуына, өз идеяларын дайындауына, сарапшылар консультацияларын алуға мүмкіндік беретін алаңдардың дамымағандығын атай кету керек. Нәтижесінде инновациялық идеялар не өмірге келіп үлгермейді, не болмаса жоғары оқу орындары мен ғылыми зертханалар қабырғасынан алысқа кетпей, нарыққа шықпай қалады. Елімізде жас мемлекет, ел тұрғындарының 27% -дан астамын 15 пен 28 жас аралығындағы жастар – 4,6 миллион құрайды, бұл деген үлкен әлеует, шағын және орта бизнесті дамытуға зор мүмкіндіктердің бар екендігін көрсетеді [7].

1-кесте – 2012-2016 жылдардағы ҚР-дың жастары (15-28 жас аралығында) бойынша еңбек нарығының негізгі индикаторлары.

	2012	2013	2014	2015	2016
	жыл	жыл	жыл	жыл	2 тоқсан
Жұмыс күші (экономикалық тұрғындар белсенді халық), мың адам	2429,6	2 392,3	2 445,0	2 420,3	2274,0
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	2298,9	2 259,6	2 341,1	2 316,4	2178,4
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	1480,2	1 537,4	1 673,8	1 734,8	1688,7

I-кестенің жалғасы

Өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, мың адам	818,7	722,1	667,3	581,6	489,7
Жұмыссыздар, мың адам	130,7	132,7	103,9	103,9	95,6
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, %	5,4	5,5	4,2	4,3	4,2
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	3,0	3,1	2,4	2,6	2,4
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар (экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халық, мың адам	1526,0	1 565,1	1 460,5	1 446,3	1485,8
Ескерту – ҚР Статистика агенттігінің деректері [7]					

Статистика агенттігінің деректері бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарындағы тіркелген 1 303 мың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің белсенді жұмыс істейтіні – 631 мың (яғни – 54,5 % құрайды). Белсенді субъектілер қатарына кірмейтіндердің біршамасы нақ осы жас кәсіпкерлер. Еңбекке жарамды халықтың ішінде 2016 жылғы жұмыссыз жастардың саны

95,6 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 4,2 % -ды құрады [7].

Осы тұста, жастар кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған бағдарламалардың жоқтығы бірқатар мәселелерді туындатып отыр. Біздің ойымызша, жастар кәсіпкерлігін дамытуға кедергі келтіретін бірқатар факторлар бар (2-кесте).

2-кесте – Жастар кәсіпкерлігін дамыту саласында мемлекеттік саясатты жүргізу барысында кедергі келтіретін факторлар

Факторлар	Қысқаша сипаттама
Жастар кәсіпкерлігін дамыту саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруда тұжырымдамалық амалдың жоқтығы	Аталмыш фактордың жоқтығы жастар кәсіпкерлігін дамытуға мүмкіндік беретін институционалдық жобалауды жүзеге асыруға кедергі келтіреді.
Жастар кәсіпкерлігін дамыту саласында құқықтық-заңнамалық базаны зерттеудің жеткіліксіздігі	Жастар кәсіпкерлігі субъектілерімен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде жастардың бизнес-жобаларының тәуекелдері мен пайдасын есептеуге арналған нақты ережелерді қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.
Жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау жүйесінің тиімділігінің төмен деңгейі	Бұл фактор жастар кәсіпкерлігі субъектілерін мемлекеттік қолдаудың әр түрлі формаларын алу рәсімінің қиындығымен сипатталады.
Жастар кәсіпкерлігі субъектілерін қолдау инфрақұрылымының тиімсіздігі	Жастар кәсіпкерлігін қолдаудың қолданыстағы инфрақұрылымы мемлекеттік қолдау тиімділігін және жас кәсіпкерлердің бизнес-бастамаларын жылжытуды қамтамасыз етпейді.
Мемлекеттік атқарушы билік жүйесінде мамандандырылған құрылымның жоқтығы	Жастар ортасында іскерлік кәсіптік бастамаларды іске қосуға бағытталған саясат саласында билік органдары, қоғамдық ұйымдар мен коммерциялық құрылымдарды үйлестіру жүйесінің тиімділігін қалыптастыруға мүмкіндік тудырмайды.

Жас кәсіпкерлер өз ісін ашу кезінде жастардың іскерлік белсенділігін тежейтін бірқатар қиындықтармен кездеседі. Олар қаржылық мәселелермен, сондай-ақ жастардың кәсіпкерлік ортада білімінің жеткіліксіздігімен байланысты. Қазақстандықтардың 42%-ы жоғары білімі жоқ адам төмен жалақылы жұмысқа тап болады, 30%-ы жоғары білім алуға ешқандай ақша аяудың қажеті жоқ деп санайды. Білім, ғылым


және бизнестің бірігуі ғылыми-техникалық прогреске ықпал жасайды, ал шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің тұрақты өзара байланысы мемлекеттің даму негізі және оның экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің артуы болып табылады [3].

Университеттерде кәсіпкерлік білім мен кеңес беру жүйесін бағалау деңгейі орта деңгейден жоғары болғанымен, университеттерде тек

қосымша қысқа мерзімді кәсіпкерлікті үйрету бағдарламалары бір реттік тренинг/ мастер-класс жүргізіледі, студенттердің кәсіпкерлік құзіретін толығырақ қалыптастыратын «Кәсіпкерлікке» дайындауға бағытталған білім бағдарламасы жоқ. Аталмыш элементін дамыту университеттердің кәсіпкерлік экожүйесін жақсарту мен оның базасында жас кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасайды. Студенттік бизнес инкубатор студенттер арасында инновациялық іскерлікті дамытуға мүмкіндік береді. Жобаларға орындар дайындау, қондырғылар және Қазақстандағы кіші және орта бизнестің дамуына мүмкіндік беретін жобаларды бастапқы кезеңде жарым-жартылай қаржыланды-

ру экономика секторын нақты бекітуге мүмкіндік береді. Студенттік бизнес инкубатор студенттерді механизмдерге бейімделу мақсатында құрылымдық бөлімі ретінде құрылады, ол университеттегі ғылыми мектептерді, жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын, ғылымды жетілдіруді, инновациялық және білім үдерісін дамытуға, оқудың жаңа формалары арқылы жас мамандарды дайындау сапасын жақсарту, Қазақстан экономикасын нық инновациялық даму жолын көрсету болып табылады.

Аймақтағы іскерлік ортада жастар кәсіпкерлігін дамыту жүйесі элементтерінің өзара әрекет ету механизмі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет

Бұл жүйе жастарға арналған қолайлы бизнес ортаны қалыптастыруға және бұл салаға ерекше назар аударуға мүмкіндік береді әрі жас кәсіпкерге өз ісін бастауға, оны әрі қарай дамытуға септігін тигізетін кешенді жұмыстар легін құруды көздейді. Мемлекеттік билік, бизнес құрылымдары мен үкіметтік емес ұйымдардың барлық мүмкіндіктерін жастар кәсіпкерлігін

дамытуға тиімді пайдалануды қарастыра отырып, оңтайлы жүйе құруға мүмкіндік берер еді.

Қорытынды

Жаңа жұмыс орындарын кәсіпкерлік арқылы қалыптастыру – халықты, оның ішінде жастарды кәсіпкерлік қызмет саласына да бел-

сенді түрде тартуға мүмкіндік береді. Мұның өзі аймақтардағы өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етіп, ондағы тұрғындардың, оның ішінде жастардың жұмыссыздық салдарынан ірі қалаларға көшуін тоқтатады. Осыған орай, жергілікті атқарушы органдардың жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту үшін нақты іс-шараларды дайындаумен қатар, алдағы жылдардағы оның даму стратегиясын үкімет стратегиясы негізінде әзірлеуі тиіс.

Жас кәсіпкерлер қызметін дамытуға, ең бастысы, жас кәсіпкерлердің мәртебесін заң жүзінде бекіту, жеңілдетілген қолжетімді несиесі, несиелеудің мемлекеттік кепілдігінің жүйесі, салық салудағы жеңілдіктер, ірі кәсіпорындар тарапынан жастар кәсіпкерлігін қолдау, жалпы, осылар арқылы қызметін дамытуда ынталандыру сипатқа ие барлық қолдаулардың кешенді шаралар жиынтығы анық көрсетілуі керек.

Әдебиеттер

- 1 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы// 11 қараша 2014 жыл.
- 2 «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы// Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысы.
- 3 Голубев С.В. Государственное регулирование социально-предпринимательской деятельности молодежи в Республике Марий Эл: автореф. дис. канд. соц. наук: 22.00.08.– Йошкар-Ола, 2005.
- 4 Бизнес-инкубатор как инструмент поддержки малого бизнеса. – Воронеж, 2002. – 64 с.
- 5 <http://business.gov.kz/kz/youth-entrepreneurship/international-experience-supporting-youth-entrepreneurship.php>
- 6 www.damu.kz
- 7 www.stat.gov.kz

References

- 1 Message of the President Nursultan Nazarbayev to people of Kazakhstan “Nurly Zhol – Path to the Future”, 11.11.2014
- 2 The concept of the state youth policy of Kazakhstan up to 2020 «Kazakhstan 2020: The Path to the Future.»//27.02.2013
- 3 Golubev S.V. Government regulation of social entrepreneurial activity of young people in the Mari Republic. thesis abstract of candidate of social sciences: 22.00.08 – Yoshkar-Ola, 2005
- 4 Business Incubator as a tool to support small businesses, Voronezh, 2002. – P. 64.
- 5 <http://business.gov.kz/kz/youth-entrepreneurship/international-experience-supporting-youth-entrepreneurship.php>
- 6 www.damu.kz
- 7 www.stat.gov.kz